

3

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №26 (6704) 13 наурыз, жұма, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

# ҚОҒАМ СҰРАНЫСЫНА САЙ РЕФОРМА

## Мәслихат депутаттарының III республикалық форумы өтті



***Елордадағы Тәуелсіздік сарайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының III республикалық форумы өтті. Президент бұл басқосудың еліміз үшін мән-маңызы айрықша екенін тілге тиек етті. Жиында кешенді саяси, экономикалық реформаларды іске асырудағы, сондай-ақ мемлекетті басқару жүйесіндегі мәслихаттардың рөлі талқыланды.***

Жиында Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ, Алматы облысындағы «Дәулет-Бекет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жетекшісі Сыдық Дәулетов, Мәжіліс депутаты Константин Авершин, Алматы қалалық мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев, Петропавл қалалық мәслихатының депутаты Елена Семидоцких, Жетісу облыстық мәслихатының депутаты Гүлнәр Тойлыбаева, Павлодар облыстық мәслихатының төрағасы Илья Теренченко, Маңғыстау облысы, Бейнеу аудандық мәслихатының төрағасы Ардақ Бораш, Ақтөбе қалалық мәслихатының депутаты Аслан Қайырғалиев сөз сөйледі.

2

ЕРТЕҢ – КӨРІСУ КҮНІ

# АМАЛ МЕРЕКЕСІ

***Қыстан аман шығып, ел-жұртымен қауышқан күнді қазақ халқы «Көрісу күні» деп атайды. Сыйластық пен адамгершіліктің белгісі саналатын мерекеде көпшілік бір-бірімен амандасып, игі тілектер айтады. Көрісу күні – туған-туысты, көрші-қолаңды сыйлап, дәстүрді сақтау үшін маңызды күн.***


Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

12



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

# ҚОҒАМ СҰРАНЫСЫНА САЙ РЕФОРМА

## Мәслихат депутаттарының ІІІ республикалық форумы өтті



(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мұндай жиынның өңірлік саясат тиімділігін бағалап, өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

– Өздеріңізге мәлім, Қазақстанда кең ауқымды, тарихи өзгерістер жүзеге асырылып жатыр. Игі бастамалардың бәрі де халықтың әл-ауқатын арттыру үшін қолға алынды. Біз мемлекеттік басқару жүйесін, экономиканы және әлеуметтік саланы түбегейлі жаңғыртуға кірістік. Бұл орайда, мәслихаттардың алдында тұрған миссия – айрықша. Өкілді органдарды күшейту мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып қала береді. Біз бұған дейін біраз шаруа атқардық. *«Қуатты аймақтар – қуатты ел» қағидатына сәйкес, мәслихаттардың беделін көтердік. Соның арқасында осы құрылымдар мемлекеттік басқару жүйесіндегі басты институттың біріне айналды. Дегенмен, мәслихаттардың әлеуетін одан әрі күшейту үшін бірқатар міндетті орындауымыз керек,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы өз сөзінде аймақ бюджетін тиімді игеру мәселесіне тоқталып, өңірлерге бөлінген қаражатты игеріп қана қоймай, төл табысымызды арттыруға да баса мән беру керек екенін еске салды:

– Аймақтарда бюджетті жоспарлау және орындау жұмысының сапасын арттыру айрықша маңызды. Мен мұны Үкіметтің жақында өткен кеңейтілген отырысында айттым. Қазіргі тәртіпке сәйкес жергілікті бюджет бекітілетін кезде депутаттарға жалпы мәлімет қана ұсынылады, тиісті түсініктемелер берілмейді. Сондай-ақ, бюджет жобасы мәслихаттың қарауына соңғы сәтте жолданады. Сол себепті, оны депутаттар үстірт қарап, қысқа мерзім ішінде қабылдауына тура келеді. Соның салдарынан қаражат халықтың нақты қажеттілігін өтемейтін, тиімсіз жобаларға жұмсалып кететін жағдайлар пайда болады.

Президенттің айтуына қарағанда, мұндай келеңсіздікке тосқауыл қою үшін өкілді органдар бюджет жоспарлау үдерісіне әуел бастан атсалысуға тиіс.

Сондай-ақ, жиында аймақтардан жолданатын арыз-шағымдардың да көбейіп кеткені аталды. Былтыр Президент Әкімшілігіне 83 мыңға жуық өтініш келіп түскен.

– *Бұл – алдыңғы жылмен салыстырғанда, 30 пайызға көп. Шағымдардың басым бөлігін жергілікті деңгейде қарап, дер кезінде шешуге болатын еді. Ешкім де мүлде мүмкін емес мәселені айтпайтыны белгілі,* – деді Президент.

Мәслихат депутаттарына сергек болуды тапсырып, тұрғындар мәселесін шешуге көмектесуді міндеттеді.

– *Тағы бір мәселе – толық цифрлық мемлекет құру. Бұл мақсаттың еліміз үшін маңыздылығын жақсы білесіздер. Мәслихаттар бұл үдерістен тыс қалмауға тиіс. Озық технологиялар мен жасанды интеллектіні мемлекеттік басқару жүйесінің барлық саласына енгізу стратегиялық маңызы бар мақсатқа айналды. Еліміздің жарқын болашағы осы мақсаттың табысты іске асуына тікелей байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда, мәслихаттардың осы жұмысқа белсенді атсалысқаны абзал,* – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Мәслихат депутаттарының басын біріктірген форумда Мемлекет басшысы қазіргі конституциялық реформаның маңызына кеңінен тоқталды:

– *Қазіргі конституциялық реформаны Ата Заңымызға 2022 жылы енгізілген өзгерістерден бөліп қарауға болмайды. Ол кезде бас құжаттың үштен бірі жаңартылды. Бізге сол уақыттың өзінде жаңа Конституция қабылдауға болар еді. Осындай ұсыныс көптеген қоғамдық алаңда, сарапшылар ортасында айтылды. Дегенмен, бірқатар саяси жаңашылдықты жүзеге асырып, содан кейін ғана еліміздің конституциялық негіздерін біртіндеп өзгертуге кірісу жөнінде шешім қабылданды. Жасыратыны жоқ, бұл менің ұйғарымым болатын. Қазіргі конституциялық реформа қоғам сұранысына сай келеді, сондықтан нағыз халықтық сипатқа ие болды. Әуелі күн тәртібіне парламенттік реформа мәселесі ғана қойылған еді. Алайда, қоғамдық талқылаулар бұл бастаманың аясынан шығып кетті,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**
**Дереккөз: t.me/aqorda_resmi**

# МЕГАПОЛИС САЯСИ НАУҚАНҒА ӘЗІР

***Алматыдағы референдумға дайындық жұмыстары аяқталып қалды. Қаладағы барлық 654 учаскеде комиссия мүшелері ұйымдастыру жұмысын аяқтап, енді инфрақұрылымның дайындығын тексеруге кіріскен.***

**Дана САДЫРҚАН**

Бекітілген ауданның тұрғындарына алдын ала олардың учаскесінің мекенжайы мен нөмірі көрсетілген шақырту жіберілді. Бұл қала тұрғындарына дауыс беретін жерді оңай тауып, іс-шараға келіп қатысуға мүмкіндік береді.

Референдум күні барлық учаске таңғы сағат 7.00-де ашылады. Алайда, комиссия мүшелері мен бақылаушылардың жұмыс күні бұдан әлдеқайда ерте – таңғы 5.45-те басталады. Осы уақытта олар дауыс беру басталғанша бюллетеньдерді дайындап, жәшіктерді мөрлеп, жабдықтарды тексеріп, барлық қажетті рәсімді өткізіп үлгеруі тиіс.

Алмалы ауданындағы №48 сайлау учаскесінің мәліметінше, ашылуға бірнеше минут қалғанда-ақ әдеттегідей кіреберіске алғашқы сайлаушылар жинала бастайды. Көбіне бұлар жұмысқа асығып бара жатқан орта жастағы ер адамдар. Сәл кейінірек жастар мен баласын жетектеген отбасылар келеді.

Учаскеде дауыс беруге арналған бес кабина орнатылған, олардың біреуі мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арнап жабдықталған. Сонымен қатар, көзі дұрыс көрмейтін және нашар еститін азаматтарға да жағдай жасалды.

Сайлау комиссиясының барлық мүшесі алдын ала арнаулы оқытудан өткен, түрлі жағдайда не істеу керектігін жақсы біледі. Мысалы, егер сайлаушы жеке куәлігінің түпнұсқасын ұмытып кетсе, ол QR-код арқылы электронды жеке куәлікті пайдалана алады. Комиссия мүшесі құжатты eGov порталы арқылы тексереді.

Денсаулығына байланысты учаскеге өздігінен келе алмайтын азаматтар үйінде отырып дауыс бере алады. Комиссия мүшелері екі жәшікпен олардың мекенжайына барады. Оларды учаскелік полиция қызметкері мен бақылаушы ертіп жүреді, бұл рәсімнің ашықтығын қамтамасыз етеді.


Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

№48 учаскелік сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Гүлзира Тұқманбетованың айтуынша, учаскелерде шағын сый да дайындапты.

– *Таңғы сағат 7.00-де келіп дауыс бергендер мен алғаш рет дауыс беретіндерге «Қазақстан» шоколадын береміз. Үй-ішімен келсе тіпті жақсы. Көпшілігі осындай тарихи сәтті есте қалдырғысы келіп, суретке түседі,* – дейді ол.

Almaty AQSHAMY
№26 (6704) 13 наурыз, 2026 жыл
3
www.aqshamnews.kz

# МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ



***Алматыдағы С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде қаржы институттары қызметкерлерінің қатысуымен жаңа Конституцияны қолдауға арналған іс-шара өтті.***

**Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ**

Жиын барысында «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының мүшелері сөз сөйлеп, жаңа Конституция жобасына енгізілген негізгі қағидаттар мен бастамаларды таныстырды. Іс-шараға қаржы саласының өкілдері, сарапшылар, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Кездесуде сөз алған Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мадина Әбілқасымова алдағы референдумның тарихи маңызына тоқталды.

*«15 наурыз – ел тарихындағы маңызды саяси оқиға. Бұл күні жаңа Конституцияны қабылдау бойынша республикалық референдум өтеді. Бұл мемлекетіміздің болашағын айқындайтын, халқымыздың ерік-жігері мен азаматтық жауапкершілігін көрсететін маңызды таңдау. Еліміз 15 наурызда Әділетті Қазақстанды құру жолында сенімді қадам жасап, жаңа серпін беретін шешім қабылдайды деп сенемін»,* – деді ол.

Агенттік төрағасының айтуынша, Президент бастамасымен әзірленген жаңа Конституция Қазақстан мемлекеттілігінің іргелі негіздерін одан әрі нығайтуға бағытталған. Құжат елдің егемендігі мен тәуелсіздігін, азаматтық тұтастығын бекітіп, мемлекет дамуының жаңа кезеңіне жол ашуды көздейді.

Сонымен қатар, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірінші проректоры, Конституциялық комиссия мүшесі Еркін Дүйсенов жаңа Конституциядағы негізгі идеялар мен қағидаттар, сондай-ақ ұсынылып отырған өзгерістердің еліміздің дамуына ықпалы туралы пікір білдірді. Оның айтуынша, жаңа Конституция құқықтық жүйені нығайтып, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бұл құжаттың қабылдануы еліміздің даму бағытын айқындап, азаматтардың құқығы мен мемлекет алдындағы жауапкершілігін одан әрі күшейтеді.

Жиын барысында спикерлер ұсынылып отырған өзгерістердің еліміздің саяси және әлеуметтік дамуына ықпалын атап өтіп, азаматтарды алдағы референдумға белсенді қатысуға шақырды.






Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

# Дауыс беру учаскесін қалай табуға болады?

***2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:***

1. Egov mobile, екінші деңгейлі банктер (Kaspi Bank, Halyk Bank) және байланыс операторларының SMS-хабарламалары сияқты ресми дереккөздерден жіберілетін сілтемелер арқылы немесе төменде жарияланған QR-кодты сканерлеу арқылы азаматтар сайттың арнайы бөліміне өтіп, онда ЖСН енгізу арқылы өз референдум учаскесін анықтай алады.

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елдімекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласып, дауыс беру учаскесі туралы ақпаратты нақтылауға болады. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

***Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.***

**https://www.gov.kz/referendum?lang=kk**

**https://referendum2026.gov.kz/kk**

**https://referendum.gov.kz/kk**

# ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

## 15 наурызда тегін қызмет көрсетеді






***Республикалық референдум өтетін күні алматылықтар қоғамдық көлікпен тегін жүре алады. Бұл шешім референдум күні қала тұрғындары мен қонақтарына жайлы жағдай жасау және азаматтардың қала ішінде кедергісіз қатынауын қамтамасыз ету мақсатында қабылданған.***

Тегін жол жүру қалалық қоғамдық көліктің барлық бағытында – автобустарда, троллейбустарда және метрополитенде күні бойы қолданылады. Жолаушылар жолақыны төлеу тәсіліне немесе пайдаланылатын электронды билет жүйесіне қарамастан қоғамдық көлікте ақысыз жүре алады.

Сондай-ақ, 15 наурызда Алматыда ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін «Инватакси» қызметі де тегін болады. 170 «Инватакси» көлігі желіге шығады, оның ішінде 36 арнайы жабдықталған көлік және 134 жеңіл автокөлік бар. Қызмет арбамен жүретін және тірек-қимыл аппараты бұзылған азаматтарға, сондай-ақ көру қабілеті бұзылған адамдарға арналған. Сонымен қатар, қосымша 20 кезекші автокөлік тартылады.

«Инватакси» қызметіне диспетчерлік қызметтердің арнайы телефон нөмірлері арқылы тапсырыс беруге болады.

Арбамен жүретін және тірек-қимыл аппараты бұзылған азаматтар +7 707 710 60 50, +7 747 195 35 75, +7 747 402 64 15 нөмірлері арқылы; ал көру қабілеті бұзылған азаматтар +7 (727) 338-32-78, +7 705 980 87 09, +7 705 831 48 14 қатарлы нөмірлерге қоңырау шала алады. Кезекші автокөлікті шақыру үшін +7 700 151 0701 немесе 338-30-09 нөмірлеріне хабарласуға болады.

**Әзірлеген Дана САДЫРҚАН.**

## АЛМАЛЫ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУІ ӨТЕДІ

**Құрметті аудан тұрғындары!**

*2026 жылғы 17 наурызда сағат 09.00–11.00 аралығында Алматы қаласы, Куриль көшесі, 17 мекенжайында орналасқан «№216 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ-де Алмалы ауданының әкімі А.Н.Шамшиннің тұрғындармен кездесуі өтеді. Кездесуге қалалық мәслихат депутаттары, прокуратура, полиция қызметкерлері, сондай-ақ аудандық басқармалар мен бөлімдердің өкілдері қатысады.*

*Тұрғындарды толғандыратын өзекті мәселелер бойынша ұсыныстар мен сұрақтарды келесі байланыс арналары – Instagram: @akimat_almaly; Facebook: akimatalmaly; Telegram: almalyaudany; Алмалы ауданы әкімдігі аппаратының ресми веб-сайты және 313-31-08, 8 (727) 313-31-12 байланыс телефондары арқылы жолдауға болады.*

# КӨЛІК АҒЫНЫ – ҚАЛА НАРЫҒЫ

***Кейінгі жылдары Алматы экономикасының тұрақты өсуіне көлік және логистика саласы айтарлықтай оң ықпал етіп келеді. Статистикалық деректерге сүйенсек, мегаполис экономикасы кейінгі үш жылда тұрақты өсім көрсеткен.***



Коллажды жасаған Нұрболсын ӘРІСҰЛЫ.

Дана САДЫРҚАН

2024 жылы қала экономикасы 2021 жылмен салыстырғанда 20,7%-ға өскен, ал жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім 27 557 АҚШ долларына жетті. Бұл – ел бойынша ең жоғары көрсеткіштердің бірі. 2025 жылдың алғашқы төрт айында Алматы экономикасы 9,1%-ға артып, негізгі өсім көлік, құрылыс және өңдеу өнеркәсібі салаларында байқалды. Соның ішіндегі көлік және логистика саласының өсімі – 23,9%. Аталған көрсеткіштер көлік-логистика инфрақұрылымының қала экономикасында маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді.

Алматы өзінің географиялық орналасуындағы ерекшелігіне қарай ірі көлік торабы болып саналады. Қала арқылы республикалық маңызы бар автожолдар, теміржол желілері және халықаралық әуе бағыттары өтеді. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, Алматы қаласында жолаушылар айналымы өткен жылдармен салыстырғанда, 121,6% деңгейіне жетіп, ел бойынша ең жоғары өсімдердің бірін көрсетті. Сонымен қатар, 2024 жылдың қаңтар–қыркүйек айларында қаладағы жүк және жолаушылар айналымының индексі 119-120% деңгейінде қалыптасты. Бұл мегаполистегі көлік қозғалысының жоғары қарқынын айшықтайды. Алып шаһар – қалаішілік көлік жүйесі дамыған орталық қана емес, бүкіл өңір үшін маңызды логистикалық хаб екені белгілі. Қалада халықаралық әуежай, теміржол вокзалдары, ірі көтерме сауда базарлары мен қойма кешендері орналасқан. Бұл факторлар тауар айналымының өсуіне тікелей әсер етеді.

## Инвестиция мен инфрақұрылым

Көлік-логистика саласының дамуына инвестиция көлемінің артуы да ықпал етуде. 2022–2024 жылдары Алматы экономикасына 5,2 трлн. теңге инвестиция тартылған, бұл 2021 жылмен салыстырғанда, 52,4%-ға көп. Ал биыл 2026 жылға арналған қала экономикасына бөлінген нақтыланған бюджет – 2 трлн. 806 млрд. теңге екені айтылды. Шығыс құрылымын талдау нәтижесінде даму бюджетінің үлесі 30,4%-ға дейін ұлғайып, әкімшілік шығындар 42,2%-ға дейін қысқарды. Ал әлеуметтік міндеттемелер толық көлемде сақталып, 700 млрд. теңге деңгейінде қалды.

Айта кету керек, бюджеттің басым бағыты – көлік және инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту. Көлік жүйесін жетілдіруге 504 млрд. теңге бөлініп отыр. Бұл сомаға BRT және LRT желісін дамыту, сондай-ақ, өзге де қоғамдық көлік түрлерін енгізу жобасы кіреді. Сумен қамту, су бұру мен коллекторларды жаңарту сынды инженерлік желілерді жаңарту мақсатында шамамен, 400 млрд. теңге қарастырылған. Шаһарды көріктендіруге 270 млрд. теңге бөлініп, оның аясында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының жобалары мен көгалдандыру жұмыстары жүзеге асырылмақ.

Қалада жаңа жолайрықтар, қоғамдық көлік желілері, логистикалық орталықтар және қойма инфрақұрылымы дамып келеді. Көлік және логистика саласы тасымалдау қызметі, сонымен қатар сауда, өндіріс және туризм секторларының дамуына да ықпал етеді. Мәселен, Алматыда шағын және орта бизнес ерекше белсенді дамып жатыр. Қазіргі кезде қала экономикасындағы ШОБ үлесі 60,3%-ға жеткен, ал бұл секторда 972 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Демек, көлік инфрақұрылымы дамыған сайын сауда айналымы да өседі деген сөз. Сондықтан логистикалық мүмкіндіктерді кеңейту Алматының аймақтық экономикалық орталық ретіндегі позициясын нығайта түседі.

Қала экономикалық дамуы көлік және логистика саласымен тығыз байланысты. Жүк және жолаушылар тасымалының артуы, инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуы және инвестиция көлемінің өсуі мегаполистің экономикалық әлеуетін арттыруда. Алдағы жылдары транспорттық жүйені одан әрі дамыту Алматыны Орталық Азиядағы ірі экономикалық және транзиттік хабтардың біріне айналдыруға мүмкіндік береді.

*ЭКСПЕРТ АЛАҢЫ*

**Владимир СМИРНОВ, автосарапшы:**

### Кешенді жұмыс жүргізілуде

Көлік саласындағы маман ретінде қазір Алматыда қоғамдық көлікпен жүріп-тұрудың тартымдылығын арттыру үшін жағдай жасау бойынша кешенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Қалалық қоғамдық көлікпен жолаушылар тасымалы басым жағдайға ие болуы үшін жалпы көлік ағынында жылжымалы құрамды жаппай жаңарту, көлік инфрақұрылымын үнемі жетілдіру, сондай-ақ қала маңындағы бағыттар мен желілерді дамыту жүргізілуде. Ал БРТ-ның бөлінген жолақтары мен желілері де бірге дамуда. Осы жүйелі жұмыстың жетекші элементтерінің бірі – Райымбек даңғылындағы БРТ желісі. Райымбек даңғылында жолаушылар көлігі қозғалысында айтарлықтай қиындықтар байқалады.

Мәселен, «Барлық» базарынан Бауыржан Момышұлы көшесіне дейінгі учаскеде бір бағытта орташа тәулікте 30 000 жолаушы өтеді, бұл ретте таңертеңгі уақытта жолаушылар ағыны сағатына – 3500. Бауыржан Момышұлы көшесінен кейін орташа тәуліктік жолаушылар ағыны 20 000–25 000 мың жолаушыға дейін төмендейді. Алайда, бұл көрсеткіш Райымбек батыр даңғылының дәлізіне жолаушылар тарапынан жоғары сұраныстың бар екенін көрсетеді. Райымбек батыр даңғылын БРТ үшін ыңғайластыра отырып, реконструкциялау жылдамдықты, сондай-ақ тасымалдардың сенімділігі мен қауіпсіздігін арттырады.

# «БІР АУЫЛ – БІР ӨНІМ»

## жобасы алматылық қыз-келіншектердің бизнесіне жол ашты

***«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы мұрындық болған «Бір ауыл – бір өнім» жобасы әйел кәсіпкерлер белсене араласып жатқан үлкен алаңға айналған бүгінде. 2023–2025 жылдары жобадағы 198 финалистің 157-сі әйел болған. Былтыр жоба аясында 53 жаңа кәсіпорын құрылып, 236 жұмыс орны ашылып, 410 сауда нүктесі іске қосылды. Ал биылдан бастап жобаның ауқымы кеңейіп, іріктелетін өнім мен финалистердің саны артпақ.***

Нұржамал ӘЛІШ

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бөлімінің басшысы Жанар Ибрагимова айтты.

*«Әйелдер көбіне жергілікті шикізатты қайта өңдеу мен қосылған құны жоғары өнім жасау идеясын ұсынады. Олар тұрақты, сапа мен брендке ерекше мән береді. 2026 жылы іріктелетін өнім саны екі есе артқанда, одан да көп кәсіпкер әйел финалист болуға мүмкіндік алады. Біздің міндетіміз – оларды идеядан бастап экспортқа шығуға дейін сүйемелдеу»,* – дейді Жанар Ибрагимова.

Былтыр әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне және «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасының финалистеріне арналған гранттық қаржыландыру конкурсына Алматыдан төрт әйел кәсіпкер қатысты. Барлығы жеңімпаз атанып, әрқайсысы 5 миллион теңге көлемінде қайтарымсыз грант алды. Солардың бірі – Алматы алмасы мен алмұрты негізінде табиғи алма сірке суы мен жеміс чипстерін өндіретін Гүлмира Махпирходжаева.

*«Біз жергілікті шикізатпен жұмыс істеп, қантсыз әрі консервантты жоқ табиғи өнім шығарамыз. Бағдарламаға қатысу біз таңдаған жолдың дұрыс екенін дәлелдеді. Біз стандарттау мен сертификаттау бойынша оқудан өттік, өндірісті жүйеледік. 5 миллион теңгелік грант жаңа жабдық сатып алып, жаңа бағытты іске қосуға мүмкіндік берді»,* – дейді іскер замандасымыз.

Былтырғы тағы бір финалист – «Дымоваръ» үй ысталған өнімдері өндірісінің жетекшісі Алена Ахтямова.

*«Біз бастапқыда шағын үй цехынан бастадық. Қазір екі өндірістік цехымыз бен өз дүкеніміз бар. 2025 жылы 40 қатысушының ішінен жартылай финалға өткен ондыққа кіріп, жобаның финалисі атандық. Алынған грант пен SMM, сертификаттау мен 2026 жылғы салық өзгерістері бойынша оқу курстары бізге үлкен қолдау болды. Бұл өндірісті кеңейтуді жоспарлауға мүмкіндік берді»,* – дейді белді кәсіпкер.

Сарапшылардың айтуынша, халықаралық жетістіктер де көбіне әйел кәсіпкерлер шығарған өнімдермен байланысты. 2025 жылы финалистер Астанада өткен «Наурыз базары» жәрмеңкесіне қатысты, сондай-ақ JICA қолдауымен Токиода өткен FOODEX JAPAN – 2025 көрмесінде өз өнімдерін таныстырды. Сонымен қатар, Франциядағы Mondial du Fromage байқауында алтын және қола медальдарға ие болды. Ал Алматыда Көк базар аумағында «Бір ауыл – бір өнім» жобасының алғашқы тұрақты халықаралық сауда нүкте-сі – Nomad Bazaar ашылды.

Иә, бүгінде «Бір ауыл – бір өнім» жергілікті экономиканы дамыту құралы ғана емес, сонымен бірге өндірушілердің, әсіресе, әйел кәсіпкерлердің дамуына мүмкіндік беретін нақты платформаға айналды. Бүгінде олар өңірлік өндірістің негізін қалыптастырып, жаңа жұмыс орындарын ашып, қазақстандық өнімдерді халықаралық деңгейге шығарып отыр.







Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ӨНДІРІС

# ӨРГЕ БАСҚАН ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ

***Алматыны көбіне қаржы, сауда және қызмет көрсету салалары дамыған қала ретінде елестетеміз. Дегенмен, кейінгі уақытта мегаполистің нақты секторында, әсіресе, өңдеу өнеркәсібінде айтарлықтай өсім байқалып отыр. Өндіріс көлемінің артуы, жаңа кәсіпорындардың ашылуы және инвестицияның көбеюі қала экономикасының әртараптануына ықпал етуде.***

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2025 жылы Алматы қаласында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2,54 трлн. теңге болды. Бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 17,2%-ға жоғары. Өнеркәсіп құрылымында негізгі үлесті өңдеу өнеркәсібі алып отыр. Аталған салада өндіріс көлемі 19,3%-ға өскен. Мұндай өсімнің қаладағы өндірістік кәсіпорындардың жаңғыруы мен инвестициялық жобалардың іске қосылуымен байланысты екенін аңғару қиын емес. Сонымен қатар, мемлекеттік индустриялық саясат пен өндірісті қолдау бағдарламалары да өңдеу саласының дамуына серпін беріп отыр.

## Машина жасау саласы қарқын алды

Алматыдағы өңдеу өнеркәсібінің ішінде ең қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі – машина жасау саласы. Былтыр алғашқы бес айдың өзінде бұл саладағы өндіріс көлемі 36,3%-ға өсіп, 366,1 млрд. теңгеге жетті. Бұл дегеніміз, өңдеу өнеркәсібінің жалпы көлемінің шамамен – 46,7%-ы.

Машина жасау құрылымында ең көп үлесті көлік құралдарын құрастыру өндірісі алады. Бұл саладағы үлес – 36% деңгейінде. Ал өндіріс көлемінің ұлғаюы көлік құралдарына сұраныстың артуымен және өндірістік қуаттардың кеңеюімен байланысты. Мамандардың сөзінше, Алматыда автомобильге қатысты бөлшектер мен жабдықтар шығаратын кәсіпорындардың көбеюі саланың дамуына оң әсер етеді әрі бұл бағыт көлік логистикасы мен сауда секторымен де тығыз байланысады.

## Өзге салалардағы өсім

Тек машина жасаумен шектелмейтін өңдеу өнеркәсібінің өзге де өндіріс салаларында өсім байқалады. Атап айтқанда, бейметалл минералды өнімдер өндірісі 25,6%-ға өсіп, 47 млрд. теңгеге жетті; баспа және полиграфия өндірісі 27,3%-ға артып, 25 млрд. теңгені көрсетті. Бұл көрсеткіштер Алматыда өндірістік әртараптандыру процесі жүріп жатқанын көрсетеді. Өндірістің әртүрлі бағыты бір уақытта дамып, қаланың өнеркәсіптік әлеуетін күшейтуде. Сонымен қатар, қалада тамақ өнеркәсібі, фармацевтика өндірісі, жеңіл өнеркәсіп бағыттарының да белсенді дамып келе жатқанын ұмытпау керек. Мәселен, азық-түлік өндірісі ішкі нарықты қамтамасыз етумен қатар, аймақаралық сауда көлемін арттыруға мүмкіндік сыйлап жатыр.

Қалада құрылған арнайы индустриялық аймақта ондаған өндірістік кәсіпорын жұмыс істейді. Бұл алаңдарда машина жасау, тамақ өнеркәсібі, құрылыс материалдары және басқа да өндіріс бағыттары шоғырланған. Индустриялық аймақтардың басты артықшылығы – дайын инфрақұрылымның болуында. Мұнда кәсіпкерлерге жер телімдері, инженерлік желілер, көлік жолдары сияқты қажетті жағдайлар ұсынылады. Соның арқасында жаңа өндіріс орындарын іске қосу жеңілдеп, инвестиция тарту мүмкіндігі артады.

## Болашаққа болжам

Қызмет көрсету саласы Алматы экономикасының құрылымында басым күшке ие. Қаланың жалпы өңірлік өнімінде тауар өндіру секторының үлесі небәрі 6,9% болса, қызмет көрсету саласы – 83,2%.

Әрине, бұл мегаполис экономикасының негізгі бағыты әлі де сервистік сектор екенін көрсетеді. Өндіріс саласы жаңа жұмыс орындарын ашып қана қоймай, бюджет кірісінің артуына және экспорт әлеуетінің ұлғаюына ықпал етеді. Алматыда индустриялық аймақтарды дамыту, жаңа өндіріс орындарын ашу және технологиялық жаңғырту жобалары жүзеге асуда.

Аталған бастамалар мегаполистің нақты секторын күшейтіп, жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қалада инновациялық өндірістерді дамыту, жоғары технологиялық кәсіпорындарды тарту және экспортқа бағытталған өндірісті кеңейту мәселесіне ерекше назар аударылып отыр.

Өңдеу өнеркәсібінің дамуы шаһар экономикасының құрылымын теңгерімді және ұзақ мерзімді тұрақты өсімді қамтамасыз етуге ықпал етеді. Сондықтан алдағы жылдары мегаполисте нақты секторды қолдауға бағытталған жобалардың саны арта түседі деген болжам бар.

**Дана БОЛАТҚЫЗЫ.**

### КЕРЕК ДЕРЕК

**2026 жылғы ресми дерек бойынша өңдеу өнеркәсібінің бірнеше секторында жағдай тұрақты. Ең жоғары өсу қарқыны:**

- *машина жасау (+12,9%);*
- *химия өнеркәсібі (+9,8%);*
- *құрылыс материалдарын өндіру (+9,7%);*
- *дайын металл бұйымдарын өндіру (+13,6%);*
- *жеңіл өнеркәсіп (+13,2%);*
- *металлургия (+1,2%);*
- *резеңке мен пластмасса бұйымдар сегменті (+7,6%);*
- *қағаз (+5,3%).*

«АҚШАМ» АРҚЫЛЫ АЙТАМЫЗ

**Алатау ауданының әкімі Данияр ҚЫРЫҚБАЕВТЫҢ назарына!**

# ҚАЗЫЛҒАН ЖОЛ ҚАШАН БІТЕДІ?

## Тұрғындар ұзаққа созылған жөндеу жұмыстарына шағымданды

***Алматы қаласының Алатау ауданына қарасты «Мәдениет» шағынауданындағы көшелер жөндеуді қажет етеді. Бұл мәселе бойынша тұрғындар редакциямызға жүгініп, көмек сұрады. Олар ұзаққа созылған жол жөндеу жұмыстарына наразы. Нақтырақ айтқанда, «Майбұлақ» көшесінің тұрғындары мәселе тез арада шешілсе дейді.***

**Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ**

Ауданға қалалық кәріз жүйесіне қосу үшін көшелер қазыла басталған. Жұмыс 2025 жылдың мамыр айында басталған, алайда сол кезде де тоқтап қалған, ал мердігер компания қазылған жерлерді қайтадан жауып, жұмысты толық аяқтай алмай кеткен. Кейін қазан айында жұмыс қайта басталып, тағы да қазу жұмыстары жүргізілгенімен, ол да толық аяқталмай қайта жабылған.

Қазір он айдан асып, он бірінші айға кетті. Аяқталуға тиіс кәріз жүйесі де, көшелерді қалпына келтіру жұмыстары да аяқсыз қалып отыр. Осы уақыт ішінде кейбір көшелердегі жұмыстар аяқталғанымен, бірқатары толық бітпей қалған. Соның салдарынан тұрғындар күнделікті қолайсыздыққа тап болуда. Тұрғындардың айтуынша, жұмыс мамыр айында басталғанымен, бірнеше рет тоқтап, түрлі сылтаулар айтылған көрінеді. Не жұмыс істей алмайтын мамандар келеді, не болмаса істемейтін қазу техникасын (трактор) әкеп, 1-2 апта бойы көшеде қалдырады. Тұрғындардың айтуынша, «жұмыс жүргізіп жатырмыз» деген өтірік белгілері шығар дейді. Қазір жол жабыны тегіс емес, кей тұстарында жетерлік



ойықтар, ал кейбір кәріз құдықтарының қақпағы сол күйі дұрыс жабылмай қалған. Қазіргі уақытта көшеде батпақтан жүру мүмкін емес. Бұл жағдай жаяу жүргіншілерге де, көлік қозғалысына да елеулі қиындық туғызуда. Әсіресе, мектепке қатынайтын оқушылар үшін бұл үлкен мәселе.

*– Осы уақыт аралығында аудан әкімі бірнеше рет келіп, тұрғындармен кездесіп, жағдайды бақылауда ұстап отырғанын айтты. Алайда, нақты нәтиже көріп отырған жоқпыз. Басты сұрағымыз, неге маңызды инфрақұрылымдық жоба уақытында аяқталмай отыр? Егер жазды, күн жылығанын күтіп отырса, ең болмаса көшеге тас төсеп, уақытша болса да жүріп-тұруға ыңғайлы етіп берсін. Қазір жиі жауатын жаңбырдың кесірінен көшеде аяқ басу мүмкін емес. Ал көлікке келетін болсақ, тежегішті бассаң, сол батпақта қалып қаласың. Балаларымыз да мектепке батпақ кешіп барады. Мұғалімдерден күнде түрлі суреттер келеді: бірі құлап, үсті-басы батпақ болған, енді бірінің аяқкиімі лайға батып қалған. Біз қашанға дейін осылай жүреміз? Көшені аралап, видеоға түсіріп, әлеуметтік желіде «мәселе шешіліп жатыр» деген көрініс жасаудың қажеті жоқ. Одан да жұмысты нақты әрі тезірек аяқтасын,* – дейді «Майбұлақ» көшесінің тұрғыны Серік Толқынбай.

Қала суын кәріз жүйесіне қосу – санитарлық әрі экологиялық тұрғыдан маңызды қадам. Алайда, кез келген инженерлік жұмыс тұрғындардың өмір сапасын төмендетпеуі тиіс. Жолды қалпына келтіру – қосымша емес, жобаның ажырамас бөлігі. Қазылған аумақты жай ғана жауып қою жеткіліксіз. Оны бұрынғыдан кем емес сапада қайта жөндеу – мердігер компания мен жауапты органдардың міндеті. Қазір бұл ауданда көлікпен жүру де, жаяу қатынау да қиын. Мәселе күн сайын қайталанып отырғандықтан, тұрғындардың сабыры таусыла бастады. Бұл тек бір көшенің мәселесі емес. Халық жұмыстардың нақты қашан толық аяқталатынын, жолдың қашан сапалы күйге келтірілетінін білгісі келеді. Алайда, әкімдік пен мердігер компаниялардың уәдесіне тұрғындар сенуден қалған.

**СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ**

***Қырғызстанның Алматы қаласындағы бас консулдығы қырғыз ағайынның «Ақ қалпақ күні» қарсаңында Алматыда мазмұнды мәдени іс-шараға ұйытқы болды. Осы сәтте аталған іс-шараға арнайы келген қырғызстандық суретші, этно-дизайнер, «Манас» төсбелгісінің иегері Майрамқұл АСАНАЛИЕВПЕН әңгімелесудің сәті түскен еді.***

# «Ұлттық коды жоқ өнер – өнер емес»



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

### Көшпенділер рухы

**– Майрамқұл байке, Алматыға қош келдіңіз! Әңгімені сапарыңыздың мәні мен мақсатынан бастасақ...**

– Рахмет! Бұл жолы Алматыға біздің елдің консулдығының мәдени байланыстарды дамыту бағытындағы іс-шарасына қатысу үшін келдім. Қазақстан, Алматы дегенде қолымдағы жұмысты тастай салып, осында қазақ бауырлардың ортасына келіп қайтайын деп шештім. Сапарымның негізгі мәні «Ақ қалпақ күніне» байланысты, шаһарларыңызда өткелі тұрған мәдени іс-шарада осындағы ағайынға ақ қалпақ жөнінде, оның қырғыз мәдениетіндегі мән-маңызы жайында айтып бермекпін.

**– Ақ қалпақ туралы бізге де айтыңызшы, «Ақ қалпақ күнін» қырғыз бауырларымыз бұл күнді қалай атап өтіп келеді?**

– Бізде «Ақ қалпақ күні» болса, сіздерде домбыра күні бар. Мұның бәрі жалаң ұлттық мақтаныш емес, онда ұлттық код, елдік рух та жатыр. «Қазақ-қырғыз бір туған» деген жайдан-жай сөз емес, біздің ұлттық жадымыздағы кодтардың өзі ортақ. Мысалы, мен қырғыз болсам да, қазақтың домбырасының үні естілгенде, көзімнен жас ыршып кетеді. Қазақ қалай тебіренсе, домбыра үніне мен де солай тебіренем. Домбыраны тыңдаған қазақ ширығып тұра қалады, себебі оның үнінде қазақтың болмысы, рухы жатыр.

Ал енді қырғызды қырғыз қылып тұрған белгілерінің бірі сол – қалпақ. Оның символдық мәніне келсек, аппақ асқар шыңдар, биік таулар, сол тауды мекендеген халық деген мағына шығады. Қалпақ – бұл қырғыздар үшін «мекен», «биік жай» символын береді. Ақ қалпақ басында тұрады, басыңнан айырылсаң бәрінен айырыласың деп қадірлейміз. Оның үстіне, бұрын ақ қалпақты жәй адамдар кимеген, абыройлы адамдар киген, жоғары қоғамдық беделді бейнелеген. Қазір біз мерекелік іс-шараларда оның бағалы мәнін түсіндіруге басымдық береміз.

**– Сізді Дүниежүзілік көшпенділер ойынының эмблема авторы ретінде танимыз. Эмблемада қандай ортақ құндылықты бейнелегіңіз келді?**

– Бұл негізі байырғы көшпенділердегі «құт» деген таңбасынан келіп шыққан. Қарасаңыз, дүниенің төрт тарабын, төрткүл дүниені бейнелейін бұл таңба қазақ-қырғыздарда көп қолданылған. Тек қана қазақ пен қырғыздарға ғана емес, тұтас көшпенділерге ортақ «Тәңір» таңбасын бейнелейді. Ал жалпы, эмблемадағы негізгі философия мынадай: бұл ат үстіндегі адам, яғни «Құт адамы» құшағын ашып, дүниені бейбітшілікке шақырып тұр. Адамдарды дінге де, ұлтқа да бөлмей бәріне тең мәміле жасап тұрғанын көрсетеді. Көшпенділердің биік дүниетанымын осы символикада көрсетуге тырыстым, сондықтан да оны көргендер көшпенділер екенін бірден таниды.

### «Төл болмысты ту еттім»

**– Шығармаларыңыздан скифтік аң стильді, руна қаріптеріне тән стильдерді көбірек байқаймыз. Қазіргі қырғыз бейнелеу өнерінде бұл стильдер қаншалықты өміршең күйде?**

– Өте маңызды сұрақты қойып отырсыз. Бейнелеу өнері болсын, ондағы түрлі жанр мен стильдерде болсын, қырғыз бен қазақтың ортақ тарихын тануға болады. Аталарымыздан мынадай сөз қалған: «Құстың екі қанаты бар, бірі – қазақ, бірі – қырғыз, біреуін кессек, екіншісіне зақым келеді» деген. Осы тұрғыдан қарағанда, біздің қырғыз бейнелеу өнері де қазақ бейнелеу өнерімен бір тағдырды кешіп жатыр.

Шын мәнінде, сіз айтып отырған байырғы стильдерде халқымыздың дәуірлерге қаратқан рухын айшықтаған элементтер бар. Бұл арада өте үлкен мән бар. Әрине, заманауи стильдерді дамыту керек, бірақ осы жылтты, колоритті жоғалтпауымыз керек. Себебі, онда біздің ұлттық рухымыз жатыр, ол жоғалса, ел де жоғалып кетеді.

Менің шығармашылығымның негізгі мақсаты да сол – байырғы өзіміздің ұлттық стильдерді жоғалтпай, қазіргі заманға сай өркендетіп, дамыту. Егер мен ұлттық элементтерді жоғалтып алсам, онда менің туындыларым да өз мәнісін жоғалтып қояды деп ойлаймын. Суретші ретінде сол өзекті сақтап қалып, өз біліміммен оны дамытсам, онда өз мақсатыма жеттім деп есептеймін.

Өз халқының этно-мәдениеті, ұлттық мәйегі өнер адамына терең сіңген кезде ол суретші болсын, өзге өнер иесі болсын, қандай өнер туындысын жасаса да, шығармашылығынан өз ұлтының иісі аңқып тұрады. Егер өз халқының ұлттық мәдениетіне суарылмай қалса одан биік шығармашылық тумайды.

**– «Манас» қырғыздың ұлттық рухының биік символы деп білеміз. Қырғыз бейнелеу өнерінде Манастың мызғымас ортақ образы қалыптасты ма?**

– Сұрағыңызға жауап беруден бұрын, өзімнің «Манас» эпосының графикалық циклін салуға қалай келгенімді айтып өтейін. Бұл тақырыпқа барудан бұрын Манас туралы барынша зерттеп, зерделедім деп айта аламын. Манас тақырыбын зерттеген үлкен тарихшы ғалымдардан тартып, этнографтар-зерттеушілер, манасшыларға дейін іздедім, сұхбаттастым. Қытайдағы әйгілі манасшы Жүсіп Мамайға да барып, «Манас» жырын өз аузынан тыңдадым. Қырғыз киносының қалыбын түзгендер қатарында Мэлс Убукеев деген режиссер болды, жалаң кинорежиссер ғана емес, тарихшы, әсіресе, Манас туралы көп зерттеген, фильм де түсірген. Солардан байқағаным, олар шынын да терең түсінген, пайымдауларынша Манас екі қатпардан тұрады: біріншісі – ыр (жыр) әлемі, екіншісі – нұр әлемі. Өкінішке орай, қазіргі өнерде болсын, басқа да болсын, біз сол «ыр әлемінен» немесе иллюстрация деңгейінен шыға алмай жатырмыз.



Өнердің қай түрінде бейнеленсе де, қолына найза, қылыш ұстатып бейнелеп жатады. Ал тура мәнінде, Манаста көп элементтер бар, ең қысқасын айтқанда, оның мінген аты жырда «дүлдүл» деп айтады. Дүлдүл деген қандай ат? «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» деседі, ал тұлпардың тұлпары дүлдүл болмақ. Одан бөлек, ат әбзелдерін зерделесең, оның хандардың ханына лайық биік салтанатқа ие болғанын түсінесіз дегенді. Міне, сондай детальдарға дейін зерттеп-зерделеп барып, одан кейін бейнелеуге барса жақсы. Ал кейбір суретшілер оның жаңағы айтқан иллюстрация деңгейінен шыға алмай жатып, Манас туралы сурет салып жатады. Осыдан кейін бейнелеу өнерінде Манастың ортақ образы қалыптаспай келеді.

### «Қазақ ағайынға сүйінем...»

**– Қазақтың бейнелеу өнеріндегі әріптестеріңізбен шығармашылық байланысыңыз қандай? Қазақ бейнелеу өнерінің қазіргі беталысына қандай баға бересіз?**

– Мен қазақ суретшілеріне қатты сүйініп жүрем. Әсіресе, өзімнің шығармашылық бағытыма қарай тарихи жанрдағы, этнографиялық мәндегі туындыларға ұдайы зер салып тұрам. Бұл бағытта ұлттық болмысты бейнелеуде қазақ қылқалам шеберлері, мүсіншілері биік деңгейге жеткен. Ұлттық қаһармандарын, батырларын, бағзы мұраларын, тарихи сананы суреттеуде өзіндік стиль мен жолын әлдеқашан қалыптастырған. Бұл нені білдіреді десеңіз, сіздердегі ұлттық рухтың көрінісі, «Біз жоғалмаймыз!», «Біз бармыз!» дегенді білдіреді. Осы тұрғыдан мен қазақстандық әріптестеріммен шығармашылық байланыс орнатуға тырысып келем.

**– Жас суретшілерге қандай кеңес бересіз?**

– Әрбір халықтың бойында ұзақ тарихынан жалғасып келе жатқан бағалы мұралары болады. Бұл басқа бір халыққа ұқсауға немесе ұнауға міндетті емес, өзінше бір бөлек ерекшелік. Әлемнің бірқатар еліне бардым. Бір түсінгенім, әр ұлттың өкілі өзінің ұлттық мәдениетімен, ұлттық болмысымен ғана бағалы екен. Соны көрсете алсаң, сонымен мақтана алсаң, өзгелер де соны құрметтеуге пейіл екен. Себебі, әр халықтың Құдай берген сондай ұлы мұрасында шындық бар, ақиқат бар, жай көзге көріне бермейтін бағалылық бар. Соны сүйсе, соны биік әспеттесе, ата-бабадан қалған құндылықтарды сақтаса деймін. Ал онсыз жасалған өнер бір көргенде таңғажайып болып көрінер, бірақ онда рух болмайды, жан да болмайды.

Бұл жағында мен қазақ өнерпаздарына қызығамын. Өнердің қай саласында болмасын, қазақ бауырларымыз ұлттық құндылықтарға айрықша мән беріп келеді. Өз халқының ғасырлар тамырынан өнген бұл бағалылықтар ұлттың ақыл-есі саналады. Сол есті, сол сананы орнына қойса, бәрі орнына келеді. Өнерде соның негізіне жараса, бұл – нағыз тірі өнер. Еліңді сүй, оның құндылықтарын қадірле, еліңнің рухын бейнеле, соны өнерде дамыт – міне, менің басты ұстанымым, әрі жаңа буыннан күтерім.

**– Алдағы шығармашылық жоспарларыңызбен бөлісе кетсеңіз?**

– Қазір «Манас» эпосына негізделген графикалық циклдерді барынша дамытып, мүмкіндігінше әлемге таныстам деген мақсатым бар. Мұхтар Әуезовтің сөзі бар: «Манас, бұл – қырғыздікі ғана емес, адамзаттың Манасы» деп. Мұхаң өзі де Манас эпосын қорғап, қуғынға да түскені бар. Сондықтан осы шығармашылық бағытымды жалғастырып, бауырлас елдерге ортақ кодтарды өнер тілінде өркендете берсем деймін.

Бұл алдағы жоспарларымның бірі, арманым десе де болады. Өз шығармашылығымнан қазақ ағайынға, Алматы жұртына өзімнің көрмемді ашсам деймін. Мен қайбір шетелге барайын, алдымнан қазақтар шығып өнерімді бағалап жатады, осы кең пейілді туғандарыма өз көрмемді ұсынсам деген ойым бар.

**– Бәрекелді! Алматыдағы көрмеңізде жүздесуге нәсіп етсін!**

**Әңгімелескен Естай БОЖАН.**

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.






ҚҰРМЕТ

# ҒЫЛЫМНЫҢ НӘЗІК ҚАНАТЫ

## Алматыда академик арулар марапатталды

***Ғылым ордасында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Ғылым академиясы алғашқы отандық әйел-ғалымдарға арналған академик Н.Базанова атындағы марапатты салтанатты түрде табыстау рәсімін өткізді.***

**Досбол АТАЖАН**

Іс-шараға отандық ғылымды дамытуға айрықша үлес қосқан жетекші әйел-ғалымдар, ғылыми қызметкерлер, оқытушылар мен жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың басшылары қатысты. Алғашқы құттықтау сөзі ҚР ҰҒА президенті Ақылбек Күрішбаевқа берілді. Ол Халықаралық әйелдер күнін біз көктеммен бірге келетін өмірдің жылулығы мен сұлулығының символы ретінде қабылдайтынын атап өтті. Оның айтуынша, елімізде ғылыми зерттеулермен 12 893 әйел айналысады. Бұл – ғылыми қызметкерлердің 56 пайызы.

– Бүгінгі таңда әйелдердің қоғамдағы алар орны айрықша. Олар ғылым мен білімнің дамуына сүбелі үлес қосып қана қоймай, қоғамның зияткерлік әлеуетін арттыруға, жас ұрпақты тәрбиелеуге және ел болашағын қалыптастыруға зор еңбек сіңіріп келеді, – деді Ақылбек Күрішбаев.

Сонымен қатар, жиналған қауым алдында Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек қала басшысының құттықтауын жеткізді.

– Бұл марапат ғылым жолында табанды еңбек етіп, еліміздің зияткерлік әлеуетін арттыруға өлшеусіз үлес қосып жүрген отандық әйел ғалымдардың еңбегіне көрсетілген үлкен құрмет деп білеміз. Қазіргі таңда Қазақстанда әйел ғалымдар ғылымның әртүрлі саласында табысты еңбек етіп, еліміздің ғылыми әлеуетін нығайтуға, инновация мен білімді дамытуға елеулі үлес қосып келеді. Алматы – еліміздің ғылым мен білімнің ірі орталығы. Мегаполисте 35 жоғары оқу орны, 130-дан астам ғылыми зерттеу институттары жұмыс істейді. Қаламызда ғылымға деген ерекше мән беріледі. Ғылым қауымдастығын дамыту, жас зерттеушілерді қолдау, жаңа ғылыми идеяларды жүзеге асыру – біздің ортақ міндетіміз, – делінген Алматы әкімінің құттықтауында.

Іс-шара барысында Н.Базанова атындағы марапат пен төсбелгіге ие болған ғылым қызметкерлерінің бірі – Индира Бейшова. Ол – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғылым департаментінің басшысы, ҚР ҰҒА жас ғалымдар президиумының мүшесі, биология ғылымының докторы, профессор. Индира Салтанқызы салтанатты іс-шара марапатталған барлық ғалым әйелдерді құттықтап, өз қуанышын жасырмады.

– Бұл марапат – ғылым жолындағы әйелдердің, олардың осы күнделікті жасап жүрген ғылыми зерттеулерінің, еңбектерінің нәтижесі деп ойлаймын. Халқымыз «ана бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деп айтады. Еліміздегі әйелдер қауымының Қазақстан ғылымының дамуына, экономикасын көтеруіне қосып жатқан үлесі оразан зор. Ал өзіме тоқталсам, зерттеулерімнің бағыты – ауыл шаруашылығы малдарының генетикасын зерттеу. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы мен биология саласында жаңа ғылыми, заманауи әдістерді қолдану арқылы селекциялық жұмыстарды арттыру үшін жұмыс істейміз, – деді Индира Бейшова.

Айта кетейік, Нәйлә Базанова (1911–1993 ж.ж.) – Қазақстан мен Орталық Азиядағы алғашқы әйел-академик, биология ғылымының жаңа саласының – ауыл шаруашылығы жануарларының физиологиясының негізін қалаушы. Ол қазақ әйелдері арасынан шыққан тұңғыш биология ғылымының докторы (1945), профессор (1946), Қазақ КСР ғылым академиясының академигі (1951), Қазақстан еңбек сіңірген ғылыми қайраткері (1946).

КӨРМЕ

# «МЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНА ҚАЙРАН ҚАЛАМ»





***Алматы музейінде «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» атты көрме салтанатты түрде ашылды. Қазақ әйелдерінің ел тарихы, мәдениеті мен өнеріндегі айрықша рөліне арналған бұл көрмеде ұсынылған жәдігерлердің басым бөлігі Алматы музейінің қорында сақталған құнды мұралардан құралған.***

**Рая ЕСКЕНДІР**

Көрме төрінде ұлттық өнер мен сахна мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан көрнекті тұлғалар – Хадиша Бөкеева, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Роза Жаманова, Сара Тыныштығұлова, Роза Рымбаева, Майгүл Қазтұрғанова, Мәдина Ералиева, Сәуле Мерекеева және Сәуле Жанпейісова сынды өнер майталмандарының жеке заттары, концерттік және сахналық костюмдері, архивтік фотосуреттері, құжаттары мен портреттері қойылған.

– Анамыздың отбасымыз үшін ең қымбат дүниелерін осы көрмеге ұсындық. Олардың арасында анамыз сахнаға шыққанда мойнына тағатын сүйікті орамалы, алтын білезігі, өмірінің соңына дейін пайдаланған көзәйнегі, қолғабы және басқа да сахналық киімдері бар. Көрмеге келушілер осы бұйымдарды тамашалап, ән еркесі атанған анамыз Роза Тәжібайқызын еске алары сөзсіз, – дейді Роза Бағланованың келіні Марал Бағланова.

Бұл күні көрмеге келген жұрт ұлттық өнер мен сахна мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан өнер қайраткерлерінің шығармашылық мұрасымен танысып, қазақ сахналық өнерінің қалыптасу кезеңін айқындайтын концерттік киімдер мен сахналық костюмдерді тамашалады. Мұнда қойылған әрбір жәдігер көрерменге ерекше әсер қалдырады. Мәселен, Сара Тыныштығұлованың Берлинде өткен Дүниежүзілік жастар фестивалінде киген костюмі, Хадиша Бөкееваның абыз аналардың бейнесін сомдаған сахналық киімдері келушілердің назарын айрықша аударды. Сондай-ақ, өткен ғасырдың концерттік афишалары өткен күндердің сағынышын сездіргендей әсер қалдырады. Сирек кездесетін архивтік фотосуреттер мен құжаттар арқылы көрнекті өнерпаздардың шығармашылық және өмір жолымен тереңірек танысуға мүмкіндік берілген. Сарғайған суреттер де өткен дәуірдің рухын еске салады.

– Ұйымдастырылып отырған көрменің мақсаты – өнер мен мәдениет кеңістігіндегі әйел бейнесінің маңызын тереңірек ұғындыру, сондай-ақ қазақ мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттау. Экспозиция қазақ әйелдерінің ұлттық мәдениетті дамытудағы үлесін, олардың таланты мен рухының беріктігін, өнерге деген адалдығын айқын көрсетеді, – деді Алматы қаласы Музейлер бірлестігі басшысының орынбасары Рүстем Қайратұлы.

ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

# ӨРТКЕ ҚАРСЫ ӨНІМДІ КҮРЕС

***Түрксіб ауданында ТМД елдері арасында теңдесі жоқ, еліміздегі алғашқы жаңа форматтағы өрт сөндіру-құтқару кешені – №21 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі ашылды.***






Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

**Досбол АТАЖАН**

Нысанның салтанатты ашылу рәсіміне ҚР Төтенше жағдайлар министрі генерал-лейтенант Шыңғыс Әрінов, Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Алмасхан Сматлаев, бөлімшелердің жеке құрамы және қызмет ардагерлері қатысты.

Кешен жедел мақсаттағы «Алатау» оңтүстік базасының аумағында орналасқан және небәрі төрт айдың ішінде салынды. Инфрақұрылым құрамына әкімшілік-тұрмыстық блогы бар өрт сөндіру бөлімі, қызметкерлерге арналған тұрғын апартаменттер, «Batyr Team» жаттығу орталығы және заманауи спорттық инфрақұрылым кіреді.

Өрт сөндіру бөлімі алты бірлік арнайы техниканы орналастыруға арналған. Салтанатты рәсім барысында бөлімшеге жаңа техникалардың кілттері тапсырылды. Бірқатар қызметкерлерге қызметтік пәтерлердің кілттері де табыс етілді. Әкімшілік-тұрмыстық блокта қызмет атқару үшін заманауи жағдай жасалған: оқу сыныбы, медициналық кабинет, жұмыс үй-жайлары, демалыс және тамақтану бөлмелері, санитарлық-тұрмыстық аймақтар және арнайы техникалық үй-жайлар жабдықталған.

Техникаға арналған автоматты қақпалары бар жылытылатын ангар, қарау шұңқыры, жуу аймағы және жеке диспетчерлік қарастырылған. Кешен құрамында қызметкерлерге арналған жеке үй-жай да бар. Жаңа бөлімше Алматы қаласындағы Түрксіб ауданының батыс бөлігін өрттен қорғауды қамтамасыз етеді. Қамту аймағына «Әлмерек», «Жұлдыз», «Маяк», «Көкжиек» және «Кемел» шағынаудандары, сондай-ақ Алматы облысының Іле ауданына қарасты Gate City, Қоянқұс, Жаңаталап, Жаңадәуір және Ынтымақ елдімекендері кіреді. Қызмет көрсету аймағында 50 мыңнан астам адам тұрады және 230-дан астам кәсіпкерлік нысаны жұмыс істейді.

Сонымен қатар, Үлкен Алматы шатқалында таулы аймақтағы төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге арналған №22 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі пайдалануға берілді. Жаңа нысан Алматының оңтүстік бөлігіндегі туристік маршруттар мен таулы инфрақұрылым қауіпсіздігін едәуір күшейтеді. Өрт сөндіру бөлімінің тікелей таулы аймақта орналасуы туристердің, альпинистер мен демалушылардың қатысуымен болатын төтенше жағдайларға жедел әрекет ету уақытын едәуір қысқартып, жетуі қиын аймақтардағы құтқару операцияларының тиімділігін де арттырады. Бөлімшенің ғимараты екі қабатты, кезекші ауысым үшін заманауи әкімшілік-тұрмыстық блокпен жарақталған. Инфрақұрылымға оқу сыныбы, медициналық кабинет, демалыс және тамақтану үй-жайлары, сондай-ақ санитарлық-тұрмыстық аймақтар кіреді.

Бөлімнің құрамына жеке құрамның тұруы үшін бөлек апартамент ғимараты да кіреді. Апартаменттер құтқарушылар мен олардың отбасы мүшелері үшін тұруға арналған ыңғайлы жиһаз және тұрмыстық техникамен жабдықталған, ал іргелес аумағында балалар ойын алаңы салынған. Қызметкерлердің дене даярлығын жоғары деңгейде ұстауы үшін кешен аумағында кәсіби спорт залы бар «Batyr Team» жаттығу орталығы жұмыс істейді, сондай-ақ воркаут алаңы мен демалыс аймақтары жасақталған. Бөлімшенің иелігінде алты бірлік техника бар: үш өрт сөндіру автоцистернасы, эвакуатор, жедел автомобиль және таулы, жетуі қиын аймақтарда жұмыс істеуге арналған квадроцикл.

Жаңа өрт сөндіру бөлімі Алматы қаласы Бостандық ауданының оңтүстік бөлігін, оның ішінде «Алатау», «Мирас», «Ғаламат» және «Архат» ықшамаудандарын, сондай-ақ «Хан Тәңірі», «Солнечная долина», «Аспантау», «Apple Park» тұрғын үй кешендерін және туристік инфрақұрылым объектілерінің өртке қарсы қорғалуын қамтамасыз етеді. Қызмет көрсету аймағында 40 мыңнан астам адам тұрады және 255 шаруашылық субъекті жұмыс істейді.

ЭКОЛОГИЯ







Суреттерді түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

# ҚАЛДЫҚТА ДА ҚАЙЫР БАР

***Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында экологиялық Recycle Birge қозғалысы ұйымдастырған ауқымды экологиялық іс-шара өтті. Іс-шараның басты мақсаты – қалдықтарды сұрыптауға шақырып, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоршаған ортаны қорғау мәселесіне қоғам назарын аудару.***

**Дастан ҚАСТАЙ**

Экоакция барысында қала тұрғындары картон, қағаз, макулатура, пластик секілді тұрмыстық қалдықтарды арнайы қабылдау пункттеріне тапсырып, қайта өңдеу орталықтарына жолдады.

Сонымен қатар, түрлі бұйымдар мен тұрмысқа қажет заттарды, өсімдіктер мен кітаптары алмасу мүйісі ұйымдастырылды. Тұрғындар түрлі тұрмыстық заттарын өз қажетіне жарамды бұйымдарға, басқа да пайдалы дүниелерге алмастырып алу мүмкіндігіне ие болды.

Іс-шара кезінде балаларға арналған арнаулы ойын алаңдары да дайындалды. «Зерде алаңқайларында» түрлі ойындар мен қызықты сабақтар өтіп, өз шеберлігін ортаға салған экобелсенділер мен талапты оқушылардың құнды кеңесі айтылды. Табиғаттың жас достары қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеудің маңызы туралы әңгімелеп берді. Талғар ауданы, Панфилов ауылы, №33 орта мектебінің 7-сынып оқушысы Ягодкин Даниил өз сөзінде «Орталық Азия тасбақаларына қалай көмектесуге болады?» деген сұрақ төңірегінде көп ойланып, тұрғындарға мол мәлімет беретін ескертпе қағазын жазып шыққанын жеткізді.

Ұйымдастырушылар мұндай бастамалар арқылы кішкентай оқушылардың экологиялық танымын қалыптастыруға үлес қосып отырғанын айтады.

*«Recycle Birge – қатқыл ұраншылдық емес, мүддешес адамдардың басын біріктіріп, қалдықтарды оңай әрі сауатты сұрыптауға шақыратын, айналаны жасылдандыруға үлес қосатын экологиялық бастама»*, – дейді байланыс бөлімінің менеджері Перизат Көмекбаева.

Іс-шара барысында тұрғындар кітап алмасты. «Community Plus» қорының директоры Мейіржан Құрманов: *«Бұл игі іспен айналысып жатқанымызға төртінші жыл болды. Еріктілер жиналған әдебиеттерді балаларға арналған және көркем әдебиет деп сұрыптап, Алматы, Жетісу, Шығыс Қазақстан, Абай, Қостанай, Ақмола және Түркістан облыстарының кітапханаларына жөнелтеді»*, – деп айтты.

Recycle Birge белсенділері алдағы уақытта мұндай іс-шараларды кеңейтіп, экологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған жобаларды басқа өңірлерде өткізуге ниетті екенін жеткізіп отыр.

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ...

# ОНЫҢ АТЫ – МҰҒАЛІМ!

**Бүкіл ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған Ағайша Сапарова өмірден өтті**



**Білім саласы өзінің білгірінен, нағыз жанашырынан айырылды. Ол ауыр дертпен алысып жүрсе де, сүйікті мамандығынан қол үзбеді. Қайсар, қайратты мінезімен қарсы тұрды. Ағайша Әмірқызы 1963 жылы 16 ақпанда Атырау облысы, Қызылқоға ауданының Миялы ауылында үлкен отбасында дүниеге келді. Жастайынан адал еңбектің қадірін ұғынып, білімге ұмтылып өсті. Жүрегінде жылылық, адамдарға деген мейірім мен нәзіктікті сыйдыра білген Ағайша Әмірқызы туған тілі мен әдебиетіне деген сүйіспеншілігімен ерекшеленді.**

Осылайша ол алыстағы Алматыға арман арқалап келді. Алғашында 1980 жылы дайындық бөліміне, кейін Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына оқуға түсті. Аталған оқу орнын ол 1985 жылы үздік дипломмен аяқтады.

Ағайша Әмірқызы білім беру саласына өз өмірінің 45 жылын арнады. Еңбек жолын балабақша тәрбиешісі болып бастап, кейін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, директордың орынбасары сияқты жауапты қызметтерді атқарды. Алматы қаласы Медеу ауданы білім бөлімінің басшысы, сондай-ақ қалалық Инклюзивті ресурстық орталықтың жетекшісі болды.

Педагогикалық қызметтегі ерекше жетістіктері үшін Ағайша Әмірқызы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталып, бірқатар мерейтойлық медальдар мен төсбелгілердің иегері атанды.

Әріптестері оны әрдайым «Сөзі мен ісі бір жерден шығатын адам» ретінде еске алады. Оның бойында талапшылдық пен жан жылуы, жоғары кәсібилік пен ұстазға тән қарапайымдылық ерекше үйлесім тапқан еді.

Алматы қаласының Білім басқармасы Ағайша Әмірқызы Сапарованың туған-туыстары мен жақындарына қайғырып, көңіл айтады. Оның жарқын бейнесі Алматы қаласының ғана емес, бүкіл еліміздің педагогикалық қауымдастық тарихында мәңгіге сақталады.

Ағайша Әмірқызының жарқын бейнесі оның шәкірттері мен әріптестерінің жүрегінде өшпес із қалдырды. Жаныңыз жәннатта болсын, Жақсы адам!

**Алматы қаласы Білім басқармасы.**

**Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы**
**АҚПАРАТ**

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 18 ақпандағы №289 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2026 жылғы 5 наурызда №222750 болып тіркелді.

**ШЕШІМ**

**2026 жылғы 18 ақпандағы** **№289**

## Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы №267 «Алматы қаласының 2026–2028 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы №267 «Алматы қаласының 2026-2028 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Алматы қаласының 2026-2028 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2026 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 2 548 406 711 мың теңге, оның ішінде:
салық түсімдері – 2 481 908 384 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 12 124 618 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 29 285 763 мың теңге;
арнайы түсімдер – 2 123 448 мың теңге;
трансферттер түсімі – 22 964 498 мың теңге;
2) шығындар – 2 745 814 480 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 22 581 194 мың теңге;
бюджеттік кредиттер – 28 000 000 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 5 418 806 мың теңге;
4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо –24 176 055 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 24 286 055 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -244 165 018 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) –244 165 018 мың теңге.»;

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«3. 2026 жылға арналған қала әкімдігінің резерві 52 000 000 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«6. 2026 жылға арналған «толық бітіріп берілетін» құрылыс туралы шарттар бойынша мемлекеттік міндеттемелер лимиті 528 672 150 мың теңгені құрайды, оның ішінде осы қосымшаға 5-қосымшаға сәйкес жобалар.»;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес 5-қосымшамен толықтырылсын (қызметтік пайдалану үшін).

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы**
**мәслихатының төрағасы** **М. Отыншиев**

Алматы қаласы мәслихатының
2026 жылғы 18 ақпандағы
№289 шешіміне қосымша

Алматы қаласы мәслихатының
2025 жылғы 10 желтоқсандағы
№267 шешіміне 1-қосымша

**Алматы қаласының 2026 жылға арналған бюджеті**

| Санаты | Сыныбы | Ішкі сыныбы | Специфика | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | 2 | 3 |
| | | | | I. Кірістер | 2 548 406 711,0 |
| 1 | | | | Салықтық түсімдер | 2 481 908 384,0 |
| | 01 | | | Табыс салығы | 1 769 536 980,0 |
| | | 1 | | Корпоративтік табыс салығы | 824 189 461,0 |
| | | 2 | | Жеке табыс салығы | 945 347 519,0 |
| | 03 | | | Әлеуметтік салық | 509 067 071,0 |
| | | 1 | | Әлеуметтік салық | 509 067 071,0 |
| | 04 | | | Меншікке салынатын салықтар | 79 702 530,0 |
| | | 1 | | Мүлікке салынатын салықтар | 48 675 439,0 |
| | | 3 | | Жер салығы | 4 695 422,0 |
| | | 4 | | Көлік құралдарына салынатын салық | 26 331 669,0 |
| | 05 | | | Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 83 633 848,0 |
| | | 2 | | Акциздер | 23 190 919,0 |
| | | 3 | | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 12 457 491,0 |
| | | 4 | | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 47 985 438,0 |
| | 07 | | | Басқа да салықтар | 1 100,0 |
| | | 1 | | Басқа да салықтар | 1 100,0 |
| | 08 | | | Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 39 966 855,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік баж | 39 966 855,0 |
| 2 | | | | Салықтық емес түсімдер | 12 124 618,0 |
| | 01 | | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 5 536 647,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері | 912 027,0 |
| | | 3 | | Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер | 691 556,0 |
| | | 4 | | Мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер | 386 300,0 |
| | | 5 | | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 3 502 010,0 |
| | | 7 | | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 44 754,0 |
| | 02 | | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 10 630,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 10 630,0 |
| | 03 | | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 77 341,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 77 341,0 |
| | 06 | | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 6 500 000,0 |
| | | 1 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 6 500 000,0 |
| 3 | | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 29 285 763,0 |
| | 01 | | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 22 817 030,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 22 817 030,0 |
| | 03 | | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 6 468 733,0 |
| | | 1 | | Жерді сату | 5 491 795,0 |
| | | 2 | | Материалдық емес активтерді сату | 976 938,0 |
| 4 | | | | Арнаулы түсімдер | 2 123 448,0 |
| | 1 | | | Арнаулы түсімдер | 2 123 448,0 |
| | | 1 | | Арнаулы түсімдер | 2 123 448,0 |
| 5 | | | | Трансферттердің түсімдері | 22 964 498,0 |
| | 02 | | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 22 964 498,0 |
| | | 1 | | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 22 964 498,0 |

| Функционалдық топ | Функционалдық кіші топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сумма, мың тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | II. Шығындар | 2 745 814 480,0 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер | 26 497 256,0 |
| | | 111 | | Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты | 396 516,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету | 391 186,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 4 505,0 |
| | | | 005 | Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру | 825,0 |
| | | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты | 6 606 296,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету | 6 606 296,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 8 369 424,0 |
| | | | 001 | Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 4 997 192,0 |
| | | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 3 372 232,0 |
| | | 362 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы | 272 397,0 |
| | | | 013 | Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету | 272 397,0 |
| | | 379 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы | 696 705,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 688 873,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 7 832,0 |
| | | 318 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік активтер басқармасы | 1 958 876,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 208 565,0 |
| | | | 010 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 8 667,0 |
| | | | 011 | Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату | 75 000,0 |
| | | | 014 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 666 644,0 |
| | | 523 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және қаржы басқармасы | 5 749 042,0 |
| | | | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 5 229 009,0 |
| | | | 002 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 90 790,0 |
| | | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 34 250,0 |
| | | | 061 | Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау | 394 993,0 |
| | | 302 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жастар саясаты басқармасы | 348 000,0 |
| | | | 004 | Өңірде ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жүргізуді қамтамасыз ету | 348 000,0 |
| | | 369 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы | 2 100 000,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 543 232,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 3 128,0 |
| | | | 005 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау | 553 640,0 |
| 02 | | | | Қорғаныс | 19 176 864,0 |
| | | 515 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы | 756 219,0 |
| | | | 003 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 194 612,0 |
| | | | 004 | Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс | 561 607,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 2 177 916,0 |
| | | | 030 | Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту | 2 177 916,0 |
| | | 387 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы | 2 623 136,0 |
| | | | 003 | Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары | 2 369 579,0 |
| | | | 004 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс іс-шаралары | 253 557,0 |
| | | 515 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы | 13 619 593,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 997 878,0 |
| | | | 006 | Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою | 11 453 415,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 168 300,0 |
| 03 | | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 69 602 989,0 |
| | | 352 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы | 41 892 720,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету | 38 847 829,0 |
| | | | 003 | Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу | 18 000,0 |
| | | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 3 026 891,0 |
| | | 522 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің атқарушы органы | 543 619,0 |
| | | | 001 | Қылмыстық жазалардың қоғамнан оқшауламай орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 543 619,0 |
| | | 328 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы | 27 166 650,0 |
| | | | 004 | Елдімекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 27 166 650,0 |
| 04 | | | | Білім беру | 518 426 881,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 85 366 966,0 |
| | | | 034 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту | 85 366 966,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 5 817 289,0 |
| | | | 006 | Алматы қаласында мектепке дейінгі ұйымдарды сейсмикалық күшейту | 1 000 244,0 |
| | | | 037 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау | 4 817 045,0 |
| | | 323 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы | 9 877 988,0 |
| | | | 006 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 8 228 014,0 |
| | | | 007 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру | 1 649 974,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 265 551 023,0 |
| | | | 003 | Жалпы білім беру | 57 090 845,0 |
| | | | 004 | Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру | 8 940 769,0 |
| | | | 005 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру | 2 492 283,0 |
| | | | 008 | Балаларға қосымша білім беру | 10 396 565,0 |
| | | | 019 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру | 68 000,0 |
| | | | 040 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға | 159 544 948,0 |
| | | | 204 | Жеке орта білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру | 27 017 613,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 64 998 172,0 |
| | | | 027 | Алматы қаласында орта білім беру объектілерін сейсмикалық күшейту | 1 404 275,0 |
| | | | 028 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 48 966 425,0 |
| | | | 069 | Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 14 627 472,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 3 791 779,0 |
| | | | 043 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 3 791 779,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 65 436 020,0 |
| | | | 024 | Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 65 436 020,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 176 040,0 |
| | | | 046 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 176 040,0 |
| | | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты | 10 965,0 |
| | | | 019 | Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту | 10 965,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 588 231,0 |
| | | | 003 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | 588 231,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 948 421,0 |
| | | | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 948 421,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 15 863 987,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 584 109,0 |
| | | | 006 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру | 2 298 771,0 |
| | | | 007 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 4 500 000,0 |
| | | | 009 | Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу | 1 591 669,0 |
| | | | 013 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 2 059 787,0 |
| | | | 014 | Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу | 473 868,0 |

*(Жалғасы10-11 беттерде)*

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 021 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қорғаншыға (қамқоршыға) берілетін ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері | 484 118,0 |
| | | | 027 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алған Қазақстан азаматтарына берілетін біржолғы ақшалай қаражат төлемі | 4 880,0 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 3 265 145,0 |
| | | | 069 | Балалар құқығын қорғау саласында іс шаралар өткізу | 601 640,0 |
| 05 | | | | Денсаулық сақтау | 125 981 966,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 13 182 926,0 |
| | | | 006 | Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер | 413 250,0 |
| | | | 007 | Салауатты өмір салтын насихаттау | 65 362,0 |
| | | | 017 | Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу | 35 580,0 |
| | | | 041 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету | 12 668 734,0 |
| | | 355 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 6 920 530,0 |
| | | | 024 | Жергілікті атқарушы органдар төлейтін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға мемлекеттің жарналарына әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына берілетін трансферттер | 6 920 530,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 68 762 968,0 |
| | | | 009 | Алматы қаласында денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейту | 511 999,0 |
| | | | 038 | Деңсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау | 68 250 969,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 5 341 928,0 |
| | | | 027 | Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау | 5 341 928,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 1 129 783,0 |
| | | | 039 | Денсаулық сақтау субъектілерінің қосымша медициналық көмектің көлемін көрсетуі, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар | 1 129 783,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 82 836,0 |
| | | | 029 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың арнайы медициналық жабдықтау базалары | 82 836,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 30 560 995,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 504 514,0 |
| | | | 008 | Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру | 217 534,0 |
| | | | 016 | Азаматтарды елдімекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету | 7 294,0 |
| | | | 018 | Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер | 247 093,0 |
| | | | 030 | Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары | 2 644,0 |
| | | | 033 | Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары | 29 581 916,0 |
| 06 | | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 69 705 572,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 1 611 361,0 |
| | | | 056 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 1 611 361,0 |
| | | 355 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 14 866 400,0 |
| | | | 014 | Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 2 891 578,0 |
| | | | 020 | Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 4 275 496,0 |
| | | | 021 | Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 1 446 404,0 |
| | | | 022 | Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 2 717 150,0 |
| | | | 029 | Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау | 2 565,0 |
| | | | 064 | Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету | 651 689,0 |
| | | | 076 | Әлеуметтік қорғау саласында жартылай стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 2 881 518,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 2 309 417,0 |
| | | | 016 | Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру | 1 836 958,0 |
| | | | 037 | Әлеуметтік сауықтандыру | 472 459,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 2 624 887,0 |
| | | | 039 | Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау | 2 624 887,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 23 102 569,0 |
| | | | 003 | Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету | 2 161 684,0 |
| | | | 030 | Тұрғын үй көмегін көрсету | 28 735,0 |
| | | | 031 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек | 4 682 014,0 |
| | | | 033 | Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектігі бар адамдарға қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну | 10 254 200,0 |
| | | | 035 | Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау | 5 975 936,0 |
| | | 328 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы | 7 580 714,0 |
| | | | 018 | Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен, тегін жол жүру түрінде азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау | 7 580 714,0 |
| | | 355 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 12 425 135,0 |
| | | | 003 | Жұмыспен қамту бағдарламасы | 9 560 431,0 |
| | | | 009 | Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау | 1 951 054,0 |
| | | | 016 | Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу | 913 650,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 2 845 562,0 |
| | | | 036 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 24 287,0 |
| | | | 037 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 2 160 615,0 |
| | | | 039 | Кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер | 660 660,0 |
| | | 355 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 1 774 330,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және әлеуметтік бағдарламалар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 728 012,0 |
| | | | 019 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 435 052,0 |
| | | | 028 | Күш көрсету немесе күш көрсету қауіпі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер | 440 683,0 |
| | | | 066 | Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу | 11 000,0 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 159 583,0 |
| | | 362 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы | 65 197,0 |
| | | | 077 | Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту | 65 197,0 |
| | | 511 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы | 500 000,0 |
| | | | 054 | Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер | 200 000,0 |
| | | | 068 | Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру | 300 000,0 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 693 051 723,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 1 888 584,0 |
| | | | 050 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 1 888 584,0 |
| | | 351 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы | 152 876 185,0 |
| | | | 010 | Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру | 152 876 185,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 64 726 598,0 |
| | | | 012 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау | 2 292 355,0 |
| | | | 017 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 2 434 243,0 |
| | | | 098 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу | 60 000 000,0 |
| | | 511 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы | 16 139 343,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде коммуналдық инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 4 137 717,0 |
| | | | 008 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 11 881 626,0 |
| | | | 098 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу | 120 000,0 |
| | | 512 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы | 1 615 266,0 |
| | | | 008 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 1 615 266,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 37 039 963,0 |
| | | | 042 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту | 36 413 719,0 |
| | | | 043 | Қаланы абаттандыруды дамыту | 626 244,0 |
| | | 512 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы | 63 891 838,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде энергетика және сумен жабдықтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 009 996,0 |
| | | | 007 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту | 62 099 461,0 |
| | | | 028 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру | 305 299,0 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 477 082,0 |
| | | 513 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы | 6 546 500,0 |
| | | | 017 | Қаланы абаттандыруды дамыту | 6 546 500,0 |
| | | 520 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы | 9 340 969,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде қаланың қоғамдық аумақтарын дамыту және абаттандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 203 216,0 |
| | | | 002 | Қаланың қоғамдық кеңістігінің элементтері болып табылатын құрылыстардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 6 477 186,0 |
| | | | 006 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 2 660 567,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 142 732 531,0 |
| | | | 008 | Елдімекендердегі көшелерді жарықтандыру | 11 867 147,0 |
| | | | 009 | Елдімекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 29 126 547,0 |
| | | | 010 | Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу | 1 051 750,0 |
| | | | 011 | Елдімекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 100 687 087,0 |
| | | 511 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы | 38 833 405,0 |
| | | | 019 | Елдімекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 18 350 858,0 |
| | | | 021 | Елдімекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 20 349 289,0 |
| | | | 041 | Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда) | 133 258,0 |
| | | 512 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы | 8 900 000,0 |
| | | | 037 | Елдімекендердегі көшелерді жарықтандыру | 8 900 000,0 |
| | | 520 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы | 148 520 541,0 |
| | | | 003 | Қаланың қоғамдық аумақтарын дамыту және абаттандыру | 148 520 541,0 |
| 08 | | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 167 899 590,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 9 358 401,0 |
| | | | 006 | Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау | 1 600 000,0 |
| | | | 044 | Шығармашылық үйірмелерді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру | 7 758 401,0 |
| | | 361 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы | 15 353 284,0 |
| | | | 004 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 9 323 263,0 |
| | | | 005 | Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету | 1 517 154,0 |
| | | | 006 | Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау | 2 000,0 |
| | | | 007 | Театр және музыка өнерін қолдау | 3 138 685,0 |
| | | | 008 | Зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 1 372 182,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 15 744 242,0 |
| | | | 014 | Мәдениет объектілерін дамыту | 15 744 242,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 6 918 772,0 |
| | | | 046 | Спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру | 6 918 772,0 |
| | | 323 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы | 16 316 567,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 243 496,0 |
| | | | 002 | Жергілікті деңгейде спорттық жарыстар өткізу | 1 746 650,0 |
| | | | 003 | Республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға әртүрлі спорт түрлері бойынша құрама командалары мүшелерінің дайындығы және қатысуы | 12 327 310,0 |
| | | | 016 | Мемлекеттік қалалық спорттық ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 1 999 111,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 68 437 884,0 |
| | | | 015 | Спорт объектілерін дамыту | 68 437 884,0 |
| | | 313 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы | 15 296 034,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 15 296 034,0 |
| | | 361 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы | 3 726 598,0 |
| | | | 009 | Қалалық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 2 604 181,0 |
| | | | 010 | Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету | 1 122 417,0 |
| | | 362 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы | 6 131 190,0 |
| | | | 005 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 6 075 840,0 |
| | | | 009 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 55 350,0 |
| | | 380 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың туризм басқармасы | 5 577 229,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде туризм саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 223 341,0 |
| | | | 002 | Туристік қызметті реттеу | 4 724 103,0 |
| | | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 12 385,0 |
| | | | 007 | Креативтік кеңістіктерге жағдайлары мен инфрақұрылымын жасауды қоса алғанда, креативтік индустрияны дамыту жөніндегі қызметтер | 617 400,0 |
| | | 302 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жастар саясаты басқармасы | 3 121 505,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер | 568 341,0 |
| | | | 003 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 2 496 960,0 |
| | | | 011 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 56 204,0 |
| | | 361 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы | 279 104,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 234 617,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 44 487,0 |
| | | 362 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы | 1 638 780,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік,ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 369 913,0 |
| | | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 266 513,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 2 354,0 |
| 09 | | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 10 044 453,0 |
| | | 512 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы | 10 044 453,0 |
| | | | 012 | Жылу-энергетикалық жүйені дамыту | 10 044 453,0 |
| 10 | | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 42 553 338,0 |
| | | 326 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы | 1 410 046,0 |
| | | | 014 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу | 458 344,0 |
| | | | 016 | Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу | 90 189,0 |
| | | | 021 | Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар | 27 000,0 |
| | | | 022 | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру | 834 313,0 |
| | | | 034 | Жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіру шығындарын өтеу | 200,0 |
| | | 513 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы | 1 151 546,0 |
| | | | 009 | Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 1 151 546,0 |
| | | 513 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы | 39 504 694,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 263 992,0 |
| | | | 004 | Қоршаған ортаны сауықтыру бойынша іс-шаралар | 26 453 235,0 |
| | | | 005 | Экожүйе объектілерін дамыту | 11 344 852,0 |
| | | | 006 | Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау және қорғау | 847 775,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 594 840,0 |
| | | 351 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы | 487 052,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 458 098,0 |
| | | | 008 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 7 550,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 21 404,0 |
| 11 | | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 4 526 157,0 |
| | | 324 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қала құрылысын бақылау басқармасы | 513 026,0 |
| | | | 001 | Жергілікті мемлекеттік қала құрылысы және жерді бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 503 452,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 9 574,0 |
| | | 365 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың сәулет және қала құрылысы басқармасы | 2 866 328,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 700 814,0 |
| | | | 002 | Елдімекендердегі құрылыстардың бас жоспарын әзірлеу | 2 165 514,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 1 146 803,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 925 371,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 221 432,0 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 328 853 465,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 5 934 294,0 |
| | | | 045 | Елдімекендер көшелеріндегі автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу | 5 934 294,0 |
| | | 328 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы | 4 877 371,0 |
| | | | 007 | Көлік инфрақұрылымын дамыту | 4 877 371,0 |
| | | 329 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы | 137 461 770,0 |
| | | | 007 | Көлік инфрақұрылымын дамыту | 97 305 687,0 |
| | | | 016 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 40 156 083,0 |
| | | 328 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы | 133 722 845,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 291 587,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 3 212,0 |
| | | | 008 | Метрополитендегі жолаушылар тасымалын субсидиялау | 10 000 000,0 |
| | | | 009 | Әлеуметтік маңызы бар ішкі қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау | 122 767 068,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 660 978,0 |
| | | 329 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы | 230 296,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде жол инфрақұрылымын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 230 064,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 232,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 46 626 889,0 |
| | | | 025 | Көлік инфрақұрылымын дамыту | 46 626 889,0 |
| 13 | | | | Басқалар | 169 011 991,0 |
| | | 512 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы | 12 867 170,0 |
| | | | 040 | Арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық аймақтардың, индустриялық парктердің инфрақұрылымын дамыту | 12 867 170,0 |
| | | 326 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы | 68 544 806,0 |
| | | | 005 | Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау | 2 515 806,0 |
| | | | 007 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға кредит беру | 45 000 000,0 |
| | | | 017 | Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау | 20 829 000,0 |
| | | | 082 | Бизнес-идеяларды іске асыру үшін кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру | 200 000,0 |
| | | 313 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы | 5 215 095,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 5 215 095,0 |
| | | 323 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы | 311 583,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 311 583,0 |
| | | 326 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы | 2 360 842,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік, өнеркәсіп, инвестициялар және ауыл шаруашылық, ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 878 064,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 695,0 |
| | | | 004 | Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шараларды іске асыру | 914 533,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 566 550,0 |
| | | 328 | | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 567 484,0 |
| | | | 096 | Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен | 567 484,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 23 145 011,0 |
| | | | 031 | Әкімшілік ғимараттар кешенін салу | 23 145 011,0 |
| | | 523 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және қаржы басқармасы | 56 000 000,0 |
| | | | 013 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының резерві | 52 000 000,0 |
| | | | 022 | Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 4 000 000,0 |
| 14 | | | | Борышқа  қызмет көрсету | 5 263 181,0 |
| | | 523 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және қаржы басқармасы | 5 263 181,0 |
| | | | 005 | Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету | 5 260 510,0 |
| | | | 018 | Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету | 2 671,0 |
| 15 | | | | Трансферттер | 495 219 054,0 |
| | | 523 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және қаржы басқармасы | 495 219 054,0 |
| | | | 006 | Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару | 392 446,5 |
| | | | 007 | Бюджеттік алып коюлар | 491 887 501,0 |
| | | | 029 | Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған реттерде, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің өтініштері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен жалпы республикалық не халықаралық маңызы бар іс-шаралар өткізілген жағдайларда, сондай-ақ агломерацияларды дамыту мақсатында берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 2 938 940,0 |
| | | | 053 | Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару | 166,5 |
| | | | | III. Таза бюджеттік кредит беру | 22 581 194,0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттері | 28 000 000,0 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 28 000 000,0 |
| | | 511 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың  коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы | 28 000 000,0 |
| | | | 012 | Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ға бюджеттік кредит беру | 28 000 000,0 |
| 06 | | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 5 418 806,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 5 418 806,0 |
| | | | 06 | Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 5 291 609,0 |
| | | | 13 | Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 127 197,0 |
| | | | | IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | 24 176 055,0 |
| | | | | Қаржы активтерін сатып алу | 24 286 055,0 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 21 140 485,0 |
| | | 329 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы | 21 140 485,0 |
| | | | 019 | Метрополитен салуға заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту | 21 140 485,0 |
| 13 | | | | Басқалар | 3 145 570,0 |
| | | 329 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы | 500 000,0 |
| | | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 500 000,0 |
| | | 512 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы | 2 645 570,0 |
| | | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 2 645 570,0 |
| 07 | | | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 110 000,0 |
| | | 1 | | Қаржы активтерін ел  ішінде  сатудан түсетін түсімдер | 110 000,0 |
| | | | 05 | Мүліктік кешен түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер | 110 000,0 |
| | | | | V. Бюджеттік дефицит | -244 165 018,0 |
| | | | | VI. Бюджет дефицитін қаржыландыру | 244 165 018,0 |

**Қызметтік пайдалану үшін**

*Алматы қаласы мәслихатының*
*2026 жылғы 18 ақпандағы*
*№289 шешіміне 2-қосымша*

*Алматы қаласы мәслихатының*
*2025 жылғы 10 желтоқсандағы*
*№267 шешіміне 5-қосымша*

**«Толық бітіріп берілетін» құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің тізбесі**

**«Lemon Land Lombard» ЖШС** 2026 жылғы 4 мамыр, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).

Лоттар саны – 118 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-офис немесе land@lmn.kz электрондық поштасы бойынша 2026 жылдың 20 сәуір, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық.

Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты **+7 707 100 90 10 телефоны** бойынша алуға болады.

**«Lemon LOMBARD» ЖШС** 2026 жылғы 4 мамыр, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).

Лоттар саны – 331 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmn.kz электрондық поштасы бойынша 2026 жылдың 20 сәуір, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық.

Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты **+7 707 117 90 10 телефоны** бойынша алуға болады.

Алмалы ауданының **«Ten Qogam»** мүгедек жандарды әлеуметтік қолдау орталығы 2026 жылдың наурыз айынан бастап өз жұмысын жалғастыруда. Қызмет мүгедектігі бар адамдар мен олардың отбасы мүшелеріне заң, психологиялық білім беру және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық, консультациялық және ресурстық қолдау көрсетуге, сондай-ақ тілдік және де басқа курстарды өткізуге бағытталған.

**Мекенжайы: Жамбыл көшесі, 168 А. Телефон: +7 (727) 378–88–04.**
**Instagram: tenqogam.almaly.2026**

Медеу ауданы әкімінің аппараты ұжымы білім саласының ардагері, Медеу ауданы білім бөлімінің бұрынғы басшысы

**Сапарова Ағайша ӘМІРҚЫЗЫНЫҢ**

дүниеден өтуіне байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғырып, көңіл айтады.

ALATAU AQPARAT MEDIA HOLDING

Бас директор –
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**

**Қабылдау бөлмесі:**
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
**Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА**
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
**Серік ЖҰМАБАЕВ**
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
**Рая ЕСКЕНДІР**

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
**Нұржамал ӘЛІШ**

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
**Гүлжанат СЕМБАЕВА**
тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**
тел.: 293-08-12. E-mail:
**rekalatauaqparat@gmail.com**

**Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com**
тел.: 293-08-25,
8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**
**Сейітқазы МАТАЕВ,**
**Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ**

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

**«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70 телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз**

Almaty AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**
**«Alataý Aqparat» ЖШС.**
E-mail:
**alatauaqparat@gmail.com**
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.**
**Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)**

**Кезекші редактор –**
**Рая ЕСКЕНДІР**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.**



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

***Қытымыр қыстан кейін атам қазақ айтатын «Самарқанның көк тасы еріген күн» де келіп жетті. Ел арасында бұл ұғым туралы аңыз да, болжам да көп. Ақсақ Темірдің немересі Ұлықбектің аспан әлемін зерттеген астроном болғаны тарихтан белгілі. 13 наурызда Ұлықбектің обсерваториясында аспанға бағытталған телескопының бетіне Күн нұры бұрылыссыз дәл түсетін болған екен. «Самарқан көк тасының еруі» де осыған қатысты болуы мүмкін. Ал ертең 14 наурызда халық ежелден жалғасқан көрісу дәстүрін жаңғыртып, көктемді қарсы алады. Осы күннің мәні мен қасиеті, тарихы мен тағылымы туралы кеңірек сөз қозғап көрелік.***

ЕРТЕҢ – КӨРІСУ КҮНІ

# «Амал деген айыңыз...»

## Қыстан аман шықтыңыз ба, ағайын?!

Гүлжанат СЕМБАЕВА

### Самарқанның көк тасы

Қазақта ата-бабалар бейітіне көктас орнату дәстүрі бар, әрі күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Ел ішінде айтылатын аңыздардың бірінде сол көктасты алу үшін жұрт Самарқан асып, сапарын дәл 13 наурызға туралап баратын көрінеді. Өйткені, ол күні көктасты кесіп алу оңай болған деседі бір аңыздарда. Ал кейбір зерттеушілер «Самарқанның көк тасының еруіне» символикалық мән беріп, Наурыз мейрамының келуімен байланыстырады. «Құл құрықтан, күң сырықтан құтылып, хан қарашаның есігінен қарап, қараша ханның төріне шығатын күн» деген түсінікпен ұштастырады.

13-інен кейінгі 14 наурыз – Көрісу күні. Бұл күні ағайын-жұрт қыстан аман-есен шыққанына қуанып, үстіне бар жақсысын іліп, бауырсақ пісіріп, ақ дастарханға тәттіні молынан төгеді. Жасы кіші отбасы мүшелері жасы үлкендермен қос қолдап амандасып, төс қағыстырып, көрісіп шығады. Осындай шат-шадыманға, ақ батаға толы бұл күні мәре-сәре болған жұрт осы қарқынмен 22 наурызды қарсы алады.

### Жақсылықтың жаршысы

Көрісу ғұрпының мән-маңызын толық түсіне бермейтіндер «әншейін қол алысып, амандасуды да жеке мереке етіп алған ба, онсыз да қазақта төс қағыстырып, қол алысып көрісу бар емес пе?» деп ойлауы мүмкін. Тіпті, «көрісуді жеке мереке ретінде атап өту қисынсыз» дейтін пікірлер де айтылып жүр. Алайда, бұл күннің астарында терең мән, ерекше қадір-қасиет жатыр. Көрісу – ұзынсары қыстан мал-жаны аман шыққан ағайынның бір-біріне құшақ жайып, кеуде тосып, амандық сұрасатын, ақжарма тілектерін арнайтын күн.

Анаң пісірген шелпек пен бауырсақтың жұпар иісі мұрныңды жарып, құлағыңа көршілер мен ауыл адамдарының, ағайын-туыстың «Бір жасың құтты болсын!» деп басталатын жақсы ниеті жететін сол Көрісу таңы ерекше ататын. Иіс шығарылып, асқа бата жасалып, аруаққа бағышталып Құран оқылады. Таң бозара салысымен алдымен үш үйдің есігін ашып, көрісіп шығу керек деген қағида бар. Содан бастап қас қарайғанша дастархан жиналмайды, ошақ сөнбейді, самаурын судан құрғамайды. Амал мерекесіне ғана тән «Бір жасың құтты болсын!» тілегінің астарын жете түсінбесек те, үлкендерден осы сөзді естігенде, расымен бір жасқа есейіп кеткендей күй кешетінбіз.

Арадағы араздық ұмытылып, құт пен береке тілеп, қыстан аман шыққанымен құттықтау – ешбір ұлтта жоқ, жөні бөлек үрдіс. Наурыздың 13-інен 14-іне қараған түнде Ай мен Амал жұлдызы бір сызықтың бойына теңеседі екен. Бұл – ғылыми дәлелденген теория. Кейінгі жылдары Амал мерекесінің аясы кеңейіп, еліміздің барлық өңірінде Наурыз мейрамының бастамасы ретінде тойланып келеді. Көрісу күні құтты болып, әр қазақтың үйіне амандық пен молшылық орнасын!




Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

### Алматыда Наурыз думаны басталады

Алматыда 14–23 наурыз аралығында Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамына арналған ауқымды мәдени-көпшілік іс-шаралар өтеді. Биыл мерекелік бағдарлама «Наурызнама» тұжырымдамасы аясында ұйымдастырылып, қала бойынша 200-ден астам іс-шараны қамтиды.

Негізгі мерекелік алаңдар Астана алаңында, Абай алаңында, Жібек жолы даңғылының жаяу жүргіншілер аймағында және Панфилов көшесінде орналасады.

Мерекелік бағдарламаның негізгі күндері 21–23 наурыз аралығына жоспарланған. Осы кезеңде қала тұрғындары мен қонақтары үшін концерттер, театрландырылған қойылымдар, көрмелер, мәдениет қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастырылып, қазақ халқының салт-дәстүрлері кеңінен насихатталады.

Сонымен қатар, мереке қарсаңында қаланың басты алаңдары мен барлық сегіз ауданындағы мерекелік орындар арнайы безендіріледі. Алаңдарға киіз үйлер тігіліп, тақырыптық шағын сәулеттік нысандар орнатылады.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

**Жаңабек ЖАҚСЫҒАЛИЕВ, тарих ғылымының кандидаты:**

### Сыны бұзылмаған салт

*«Көрісудің» құпия кілтін ашқымыз келсе, өлке этнографиясының ерекше қыры мен сырына тереңірек үңіліп, өңір тарихының тұңғиығына бойлай түскеніміз жөн. Көрісу ғұрпының тамыры қайда жатқанын зерттеген этнографтар мен тарихшылар аталмыш салттың төркінін көне түркі-моңғол дәстүрімен байланыстырып жүр. Мәселен, Маңғыстау өлкесінің тарихын ұзақ уақыт бойы зерттеген Андрей Астафьев «Амал (Көрісу) мерекесінің тамыры моңғол мен тувалық халықтарда жатқанына» зер салса, тарихшы Асылбек Байтанұлы Шаған– моңғол халқының дәстүрлі жаңа жыл мерекесі күнінде тойланатын «Золгох» дәстүрі мен біздегі «Көрісу» күнінің тұспа-тұс келуінде ерекше мән бар екеніне көңіл бөледі. Келтірілген ой-тұжырымдардан нені байқап, қандай жайтты аңғаруға болады?*

*Осы ретте әлі күнге дейін жұртшылық көп назар аудара қоймаған өңір тарихындағы бір жасырын сырды суыртпақтауға болатын сияқты. Қалай болғанда да, қазақ этногенезінің қалыптасуында «моңғол факторын» жоққа шығару әсте қиын. Қазақ халқының салт-дәстүрінің өзегі көне түркі-моңғол қоспасында жатыр һәм соның дәлеліндей көптеген әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүрімізде ұқсастықтар көп.*

*Бізге жеткен тарихи деректер XV ғасырға дейінгі Ресейде де 14 наурыз – Жыл басы боп есептеліп, дүркірей тойланғанынан хабар береді. Атағы айға жеткен Алтын Орданың айбынды хандарына салық төлеп, пұшайман күйге түскен қоңсыларымыздың жай-күйі көз алдыңа келеді. Кешегі күні төрткүл дүниеге танылған Алтын Орданың шексіз құдіретіне тағы бір таңқалып, шіркін, біздің бабалар-ай, дейсің де қоясың?! «Көрісу күніне» орай зерттеу пайымдары мен болжамдарымыздың қысқаша түйіні – осы.*